

ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ТРАНСЛИНГВАЛДЫ ТӘСІЛ: ТІЛДІК ИНТЕРФЕРЕНЦИЯ МӘСЕЛЕСІ

А.К.ӨМІРЗАҚОВА*
М.М.САТИНБЕКОВА***

Түйіндеме: Қазіргі таңда жаһандану процесінің жеделдеуі және көптілді ортаның кеңеюі нәтижесінде мәдениеттер мен тілдердің өзара ықпалдасуы күшейіп келеді. Осыған байланысты лингводидактикада дәстүрлі монолингвалды оқыту үлгілері біртіндеп өз маңыздылығын жоғалтуда. Бұл жағдай оқыту процесіне жаңаша көзқарас енгізуді, оның теориялық және әдістемелік негіздерін қайта қарастыруды, қолданыстағы оқыту үлгілерін бейімдеуді және жаңа оқыту стратегияларын әзірлеуді қажет етеді.

Бүгінгі таңда болашағы зор әдістердің бірі – транслингвалды тәсіл. Бұл әдіс тілді оқшауланған жүйе ретінде емес, білім алушының когнитивтік және коммуникативтік кеңістігінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. Транслингвизм теориясы бірнеше іргелі ғылыми ұстанымдарға негізделеді. Аталған зерттеулер транслингвалды әдістің негізгі қағидаларын айқындайды.

Тілді оқыту процесінде үйренуші екі тілді қатар белсенді қолданған кезде, интерференция құбылысы әрі қиындықтар туғызуы, әрі оқуды жеңілдетуі мүмкін. Мұндай интерференция тілдің барлық деңгейінде көрініс табады. Жалпы, тілдік интерференция – транслингвалды оқытуда жиі кездесетін құбылыс. Дегенмен, оны тиімді әдістер арқылы басқаруға және әсерін азайтуға болады.

Тірек Сөздер: *Транслингвалды Тәсіл, Лингводидактика, Тілдік Интерференция*

The Translanguaging Approach in Linguodidactic Research: The Issue of Language Interference

Abstract: Currently, the acceleration of globalization and the expansion of multilingual environments foster increased interaction between cultures and languages. In this context, traditional monolingual teaching models in linguodidactics are gradually losing their relevance. This shift necessitates the adoption of new educational approaches, a revision of theoretical and methodological foundations, the adaptation of existing teaching models, and the development of innovative teaching strategies.

One of the most promising contemporary methods is the translanguaging approach. This approach conceptualizes language not as an isolated system but as an integral component of a learner's cognitive and communicative repertoire. The theory of translanguaging rests on several fundamental scientific principles, and numerous studies have articulated its key theoretical tenets.

During the process of language acquisition, when a learner actively uses two languages simultaneously, language interference may both hinder and facilitate learning. This interference manifests across all linguistic levels. Overall, interference is an inevitable phenomenon in translanguaging-based education. However, with the implementation of effective pedagogical strategies, it can be systematically managed and its adverse effects significantly reduced.

Keywords: *Translanguaging Approach, Linguodidactics, Language Interference*

Кіріспе

Бүгінде жаһандану процестері мен көптілді ортаның кеңеюі мәдениеттер мен тілдердің өзара әрекеттесуінің артуына алып келді. Бұл құбылыс білім беру жүйесіне айтарлықтай әсер етіп, лингводидактикада дәстүрлі монолингвалды оқыту үлгілерінің өзектілігі төмендеуде. Қазіргі қоғамда көптілділік кең таралған құбылыс болғандықтан, оқытудың жаңа тәсілдерін әзірлеу қажеттілігі туындап отыр. Осыған байланысты транслингвалды тәсілдің рөлі артып, оны қолдану – тілдерді оқытудағы инновациялық бағыттардың біріне айналды. Бұл әдіс тілдерді оқшауланған жүйелер ретінде емес, білім алушының біртұтас когнитивтік және коммуникативтік кеңістігінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады.

Зерттеудің мақсаты – транслингвалды тәсілдің лингводидактикадағы рөлін анықтау, оның негізгі қағидаларын сипаттау және тілдерді оқытудағы тиімділігін талдау. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылады:

- транслингвалды тәсілдің теориялық негіздерін зерделеу;
- транслингвалды тәсілді қолданудың негізгі қағидаларын сипаттау;

* Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ қауымд. проф. a.omurzakova@satbayev.university

*** Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ аға оқытушысы, meruyertina@gmail.com

- транслингвалды оқытуда кездесетін тілдік интерференция құбылысын басқару мүмкіндіктерін талдау.

Зерттеу барысында сипаттамалық әдіс, салыстырмалы талдау, лингвистикалық бақылау әдістері қолданылды. Теориялық бөлімде транслингвалды тәсілге арналған ғылыми еңбектерге сүйене отырып, оның негізгі аспектілері, тілдік интерференцияның кері және оң әсері, оны болдырмау жолдары қарастырылады.

Негізгі Бөлім

Лингводидактикада транслингвалды тәсіл алғаш рет қостілділік пен көптілділікті зерттеу аясында ұсынылған. Бұл әдістің негізінде білім алушының барлық тілдік ресурстарын жаңа тілді меңгеру процесінде тиімді пайдалану қағидаты жатыр. Дәстүрлі әдістерден айырмашылығы – транслингвизм тілдерді дербес жүйе ретінде емес, өзара ықпалдасатын динамикалық феномен ретінде қарастырады. Транслингвизм – бұл екі немесе одан да көп тілде сөйлейтін адамдардың өздерінің бүкіл тілдік қорын біртұтас жүйе ретінде пайдалануы. Транслингвизмге тән негізгі белгілер:

- тілдер қарым-қатынас процесінде өзара әрекеттеседі;
- жаңа тілді меңгеру бұрыннан бар тілдік ресурстарға сүйенеді;
- тілдің дұрыстығы ғана емес, сөйлеудің функционалдығы да маңызды.

Транслингвизм концепциясы бірқатар іргелі ғылыми теорияларға сүйенеді. Солардың бірі – Дж. Камминстің тілаларлық тасымалдау гипотезасы. Аталған тұжырым билингвалды білім беру мен ана тілінен (L1) кейінгі екінші тілді (L2) меңгеру мәселелеріне тікелей қатысты, яғни бір тілде меңгерілген білім мен дағдыларды басқа тілде оқыту процесінде пайдалануға болатынын негіздейді. Дж. Камминс барлық тілдердің когнитивтік және академиялық негіздері ортақ деген тұжырым ұсынады. Егер адам ана тілінде белгілі бір когнитивтік және тілдік қабілеттерді дамытқан болса, бұл дағдыларды екінші тілді меңгеру барысында тиімді қолдана алады.

Осы тұжырымды түсіндіру үшін ғалым «қостілді айсберг» метафорасын ұсынады: екі тілдің фонетикасы, лексикасы және грамматикасы бір-бірінен ерекшеленгенімен, олардың негізінде ортақ когнитивтік жүйе жатыр. Мысалы, егер оқушы ана тілінде мәтінді талдай алса, бұл дағдыны L2-де де қолдана алады. Сол сияқты, егер бала L1-де сыни ойлау қабілетін дамытса, оны L2-де де пайдалана алады. Яғни, когнитивтік-академиялық дағдылар (оқу, жазу, ақпаратты талдау) бір тілден екінші тілге тасымалдануы мүмкін. Алайда, бұл тасымалдау тиімді болуы үшін L1-дің жеткілікті деңгейде дамуы қажет. Егер ана тілінің даму деңгейі төмен болса, бұл L2-ні меңгеруге теріс әсер етуі мүмкін. Дж. Камминс екі тілді тиісті деңгейде меңгеруі үшін бала кем дегенде бір тілде жеткілікті құзыреттілікке жетуі тиіс деп тұжырымдайды (Cummins, 1984).

Тілаларлық тасымалдау гипотезасы қазіргі қостілді білім беру бағдарламаларының теориялық негізін қалыптастырып, екінші тілді табысты меңгеру үшін бірінші тілді сақтау мен дамытудың маңыздылығын ғылыми тұрғыда дәлелдейді. Бұл гипотеза тілдердің өзара бәсекелес емес, керісінше, бірін-бірі толықтырып, когнитивтік және академиялық дамуға ықпал ететінін көрсетеді. Яғни, ана тілі (L1) неғұрлым жоғары деңгейде дамыған болса, екінші тілді (L2) меңгеру соғұрлым тиімді жүзеге асады. Біздіңше, аталған тұжырым білім беру процесінде ғана емес, жеке тұлғаның тілдік дағдыларды игеру тәжірибесінде де ескерілуі тиіс.

Транслингвизм тұжырымдамасының негізінде жатқан маңызды теориялардың бірі – Офелия Гарсия мен Ли Вэй ұсынған динамикалық қостілділік теориясы. Бұл теория билингвтердің тілдерін өзара әрекеттесетін және бірін-бірі толықтыратын біртұтас тілдік кеңістік ретінде қарастырады. Ол қостілділікті зерттеудің заманауи тәсілін ұсынып, қостілділердің тілдік мінез-құлқының икемділігіне, өзгермелілігіне

және креативтілігіне баса назар аударады. Динамикалық қостілділік дәстүрлі билингвализм үлгілеріне қарсы тұрып, тілдерді қатаң бөлінген жүйелер ретінде емес, өзара ықпалдасатын феномен ретінде қарастырады (García, 2014:46).

Аталған теорияның негізгі ережелеріне нақтырақ тоқталсақ:

Тілдік шекаралардың икемділігі және транслингвизм феномені.
Дәстүрлі қостілділік үлгілерінде екі тілді меңгеру «бір мидағы екі монолингвизм» қағидаты негізінде қарастырылса, динамикалық қостілділік бұл көзқарасты жоққа шығарады. Бұл теорияға сәйкес, билингвтер екі тілдің ара-жігін бөлмейді, керісінше, оларды біртұтас тілдік қор ретінде қолданып, контекстке байланысты еркін ауысады. Осындай тілдік өзара әрекеттестік транслингвизм ұғымымен түсіндіріледі, ол қостілді адамдардың өздерінің барлық тілдік ресурстарын саналы және мақсатты түрде пайдалану процесін сипаттайды.

Тіл үйренушілердің тілдік қорының икемділігі

Динамикалық қостілділік теориясы бойынша қостілді адамның тілдік құзыреттілігі статикалық емес. Керісінше, ол коммуникативтік жағдайға, әлеуметтік контекстке, әңгімелесушіге және мақсатқа байланысты үздіксіз өзгеріп отырады. Бұл тәсіл қостілділіктің күрделі әрі өзгермелі сипатын көрсетеді, сондай-ақ билингвтердің әртүрлі тілдік қорды бейімдеудегі қабілеттілігін атап өтеді.

Қостілділіктің әлеуметтік-мәдени шарттылығы

Аталған теория қостілділердің тілдік мінез-құлқын тек когнитивтік механизмдер арқылы ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік факторлар – саясат, мәдени нормалар, білім беру ортасы және тілдік идеологиялар арқылы да айқындайды. Демек, билингвизмді зерттеу барысында жеке когнитивтік аспектілерден бөлек, кең әлеуметтік контексті де ескеру қажет.

Монолингвистикалық нормалардан бас тарту

Динамикалық қостілділік теориясы монолингвизмді «тілдік құзыреттіліктің нормасы» ретінде қабылдаудан бас тартады. Оның орнына қостілділікті тілдік дамудың табиғи жағдайы ретінде қарастырады. Осы тұрғыда код араластыру (**code-mixing**) немесе код ауыстыру (**code-switching**) тілдік нормадан ауытқу ретінде емес, стратегиялық қарым-қатынастың тиімді құралы ретінде бағаланады.

Билингвтердің динамикалық дамуы

Гарсия мен Вэйдің пікірінше, қостілді адамдардың тілдік дағдылары уақыт өте келе үздіксіз бейімделіп, дамып отырады. Қостілділік екі бөлек тілдік жүйенің механикалық қосындысы емес, керісінше, өзара әрекеттесетін, күрделі және өзгермелі құрылым. Олай болса, қостілділік тұрақты емес, **динамикалық процесс** ретінде қарастырылады (García, 2014:77).

Динамикалық қостілділік теориясы лингводидактикада ерекше мәнге ие, себебі ол билингвтерді монолингвистикалық стандарттар бойынша бағалауға болмайтынын негіздейді. Осы тұрғыда транслингвалды әдіс білім беру тәжірибесінде тіл үйренушілерге екі тілді қатар пайдалану мүмкіндігін беру арқылы оқу материалын тереңірек түсінуге ықпал етеді. Бұл тәсіл әсіресе көптілді білім беру ортасында тиімді, өйткені ол тіл үйренушілердің барлық тілдік ресурстарын кешенді түрде қолдануға жағдай жасайды.

Демек, динамикалық қостілділік теориясы қостілділікке деген дәстүрлі көзқарастарды түбегейлі қайта қарастырады. Бұл теорияға сәйкес, қостілді адамдардың тілдік құзыреттілігі статикалық емес, ол көптеген когнитивтік және әлеуметтік факторларға тәуелді, үнемі өзгеріп отыратын икемді процесс болып табылады. Сонымен қатар, транслингвизм табиғи тілдік тәжірибе ретінде қарастырылады және оны білім беру мен тілдік саясатта ескеру қажеттігі атап көрсетіледі.

Транслингвалды әдістің негізінде жатқан теориялардың бірі – У. Вайнрейхтің интерференция құбылысы туралы тұжырымдары. Бұл теорияға сәйкес билингвтер сөйлеу барысында екі тілдің элементтерін қатар қолданады, ал олардың өзара әрекеттестігі фонологиялық, морфологиялық, синтаксистік және лексикалық деңгейлерде өзгерістерге алып келеді.

Тілдік интерференция құбылысы – көптілділік нәтижесінде бір тілдік жүйенің екіншісіне ықпал етуі. Бұл ықпал саналы немесе бейсаналық сипатқа ие болуы мүмкін әрі уақытша не тұрақты болуы ықтимал. У. Вайнрейх интерференцияны «басқа тілмен байланыс әсерінен пайда болатын бір тілдің нормаларынан ауытқу» ретінде анықтайды. Ол тілдік жүйелерін толық ажыратпайтын, бірақ олардың арасындағы тепе-теңдікті сақтайтын қостілді білім алушылардың тілдік мінез-құлқына тән құбылыс ретінде сипатталады (Вайнрейх, 1973:263).

Транслингвизм әдістемесі көптілді білім беру жүйесінде тілдерді функционалдық бірліктер ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл тіл үйренушілердің барлық тілдік ресурстарын кешенді пайдалануына жағдай жасай отырып, олардың когнитивтік және коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған. Яғни, транслингвалды тәсіл көптілді білім беру процесінде тілдік икемділікті арттыруға және тілдік кедергілерді жеңілдетуге бағытталған келешегі зор әдіс ретінде қарастырылады.

Транслингвалды тәсілдің негізгі принциптері:

1. Тілдік мінез-құлықтың икемділігі

Білім алушылар екі тіл арасында еркін ауыса алады, тілдік құрылымдарды біріктіре алады және өздерінің барлық тілдік қорын пайдалана алады.

Жаһандану және мәдениеттердің белсенді өзара әрекеттесуі жағдайында адамның тілдік құзыреттілігі тұрақты болмайды. Заманауи көптілді және қостілді қауымдастықтар жеке тұлғалардан бірнеше тілді білуді ғана емес, сонымен қатар жағдайға байланысты олардың арасында еркін ауысуды талап етеді.

Бұл құбылыс тілдік мінез-құлықтың икемділігі деп аталады және қазіргі таңда лингвистика, психолінгвистика және лингводидактика салаларындағы негізгі зерттеу аспектілерінің біріне айналуда. Тілдік мінез-құлықтың икемділігі бірнеше когнитивтік және социолінгвистикалық механизмдерге негізделеді:

1. Когнитивтік бақылау – мағыналық байланысын жоғалтпай, тілдер арасында жылдам ауысу қабілеті. Бұл механизм адамның ойлау процестерін басқару, зейінін шоғырландыру, қажетсіз ақпаратты сүзгілеу қабілетін қамтиды.

2. Тілдік ресурстарды басқару – көптілді тұлғаларға код ауыстыруды реттеу, сондай-ақ тілаларлық әсерден туындайтын қателердің алдын алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

3. Контекстке бейімделу – көптілділік жағдайында адамға белгілі бір коммуникациялық жағдайға сәйкес келетін тілдік құралдарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Тілдік мінез-құлықтың икемділігі – бұл адамның коммуникативтік жағдайға және әлеуметтік ортаға қарай бейімделу қабілеті. Ол мыналарды қамтиды:

Тілдер арасында ауысу (код ауыстыру) – бұл бір коммуникация барысында әртүрлі тілдердің элементтерін қолдану.

Код ауыстыру (code-switching) – адамның бір әңгіме, сөйлем, тіпті сөз ішінде екі немесе одан да көп тіл арасында ауысуы. Адамдар әртүрлі себептермен тілдер арасында ауысады, олардың ішінде мыналар бар:

1. Коммуникативтік тиімділік – ойды дәлірек жеткізу үшін басқа тілдегі сөзді немесе сөз тіркесін таңдау.

2. Әлеуметтік бейімделу – әңгімелесушіге немесе жағдайға байланысты тілдің өзгеруі.

3. Эмоциялардың көрінісі – эмоционалды реңкті күшейту үшін басқа тілді қолдану.

4. Сөздік қорының жетіспеуі – егер адам бір тілде қажетті сөзді есіне түсіре алмаса, оны басқа тілде қолдануы.

5. Мәдени контекст – белгілі бір мәдениетпен байланысын көрсету үшін бір тілдің элементтерін енгізу.

Код ауыстыру – бұл қарым-қатынасты икемді әрі тиімді ететін көптілді ортадағы табиғи процесс. Ол меңгерген тілдердің ресурстарын пайдалану арқылы тіл үйренушілерге жаңа тілді оңай меңгеруге көмектеседі және оқытудың транслингвалды тәсілінде маңызды рөл атқарады.

Сәйкес сөйлеу мәнерін таңдау – бұл коммуникативтік жағдайға, әңгімелесушінің ерекшеліктеріне және қарым-қатынас контекстіне сәйкес сөйлеу тәсілін бейімдеу қабілеті. Бұл дағды түрлі әлеуметтік жағдайларда тиімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін тілдік мінез-құлықтың маңызды аспектісі болып табылады. Сөйлеу стилін дұрыс таңдау адамның әртүрлі қарым-қатынас жағдайларына бейімделуіне ықпал етіп, қажетті коммуникативтік мақсаттарға жетуге көмектеседі.

Әңгімелесушінің тілдік құзыреттілік деңгейіне бейімделу сөйлеу әрекетін жеңілдету немесе күрделендіру арқылы жүзеге асады. Бұл процесс әңгімелесушінің тілдік деңгейіне, біліміне және коммуникативтік тәжірибесіне сәйкес сөйлеу тәсілін өзгерту қабілетін қамтиды. Тілдік құзыреттілік деңгейін ескере отырып сөйлеу коммуникация тиімділігін арттырады, түсінбеушіліктерді болдырмайды және қарым-қатынастың жайлылығын қамтамасыз етеді.

Тілдік мінез-құлықтың икемділігі әсіресе екі немесе одан да көп тілде сөйлейтін адамдарда айқын көрініс табады.

2. Метатілдік хабардарлық – бұл тілдердің айырмашылықтарын түсіну және оларды талдай білу қабілеті. Метатілдік хабардарлық адамның тілдік жүйені түсіну, талдау және бақылау қабілетімен қатар, тілді қолдану ғана емес, оның құрылымы, мағыналары мен ережелерін ой елегінен өткізу дағдысын да қамтиды. Басқаша айтқанда, бұл "тіл туралы ойлау" қабілеті, яғни тілді тек мазмұндық жағынан ғана емес, формасы, құрылымы мен қызметі тұрғысынан да қарастыра білу. Метатілдік хабардарлық – тілдік құзыреттілікті дамытудың шешуші факторы. Бұл әсіресе екі тілде білім беруде және шет тілдерін үйренуде аса маңызды, өйткені ол студенттерге тілдердің заңдылықтары мен құрылымын түйсікті түрде жаттап қана қоймай, оларды саналы түрде меңгеруге көмектеседі.

Ассоциативті ойлау – бұл әртүрлі тілдердегі сөздер арасында мағыналық байланыстар орнату қабілеті. Ол әртүрлі құбылыстардың, ұғымдардың немесе объектілердің ұқсастығына, контекстіне немесе бұрынғы тәжірибесіне сүйене отырып, олардың арасындағы байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл қабілет адамға стандартты емес шешімдер табуға, ақпаратты тезірек меңгеруге және жаңа жағдайларға бейімделуге көмектеседі. Ассоциативті ойлау оқу үдерісін тиімдірек етеді, ақпаратты есте сақтауды жеңілдетеді және шығармашылықты дамытады. Ол когнитивті оқыту әдістемелерінде кеңінен қолданылады және студенттерге әртүрлі тілдер мен мәдени контексттер арасындағы байланыстарды анықтауға көмектесетін транслингвалды тәсілдің маңызды бөлігі болып табылады.

Қарым-қатынас нормаларына бейімделу – адамның сөйлеу және коммуникативтік мінез-құлқын әлеуметтік, мәдени және ситуациялық контекске сәйкес өзгерту қабілетін білдіреді. Бұл бейімделу белгілі бір әлеуметтік топтың

немесе жағдайдың талаптарына сәйкес сөйлеу стилін, формальдылық деңгейін, ым-ишараны, интонацияны және қарым-қатынастың басқа да элементтерін таңдауды қамтиды. Қарым-қатынас нормаларына бейімделу – әртүрлі жағдайларда әртүрлі адамдармен тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін маңызды дағды. Ол қарым-қатынасты түсінікті, сыпайы және ситуациялық тұрғыдан орынды етеді, әсіресе көптілді немесе мәдениетаралық ортада.

3. Мәдени кодтау

Мәдени кодтау – белгілі бір тілдік ұжымға тән сөз қолданыстарын, рәміздерді және вербалды емес қарым-қатынас элементтерін пайдалану арқылы ақпарат беру процесі. Бұл құбылыс тілдік бірліктер, символдар, ым-ишара және басқа да мәдени элементтер көмегімен мағыналар мен құндылықтарды жеткізуді қамтамасыз етеді. Мәдени кодтау адамдардың мәдени тәжірибесіне және дәстүріне қарай тілді түсіндіру мен қолдану ерекшеліктерін айқындайды.

Мәдени кодтау мәдениетаралық қарым-қатынаста маңызды рөл атқарады, себебі белгілі бір сөздер, сөз тіркестері немесе қимылдар әртүрлі мәдениеттерде әртүрлі мағынаға ие болуы мүмкін. Сондықтан тілді меңгеру барысында тек грамматика мен лексиканы ғана емес, сонымен қатар мәдени кодтарды да ескеру қажет. Бұл бірнеше аспектілер бойынша маңызды:

- ана тілінде сөйлейтіндерді дұрыс түсіну және ықтимал түсінбеушіліктердің алдын алу,
- тілді мәдени контексте тиімді пайдалану, оның ішінде ресми және бейресми қарым-қатынас стильдерін ажырата білу;
- мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту, бұл әсіресе жаһандану жағдайында өзектілікке ие.

Аталған процесс әртүрлі мәдениеттер арасындағы өзара түсіністік пен қарым-қатынасқа ықпал ететін тілдік жүйенің ажырамас бөлігі. Осыған байланысты шет тілдерін үйрену барысында бұл факторларды ескеру маңызды.

4. Тілдік креативтілік – әртүрлі тілдік элементтерді біріктіру арқылы жаңа сөздер мен сөз тіркестерін құру үдерісі. Бұл адамның белгілі бір коммуникативтік әсерге жету мақсатында жаңа тілдік құрылымдарды қалыптастыру, бар сөздерді, сөз тіркестерін және грамматикалық формаларды түрлендіру қабілетімен сипатталады.

Тілдік креативтілік келесі тәсілдерді қамтуы мүмкін:

- сөздермен ойнау;
- метафоралар жасау;
- кірме сөздерді қолдану;
- неологизмдер құрастыру;
- сөз тіркестерінің құрылымын өзгерту.

Лингводидактиканың теориялық және әдіснамалық аппаратына транслингвалды тәсілді енгізу көптілді әлемде оқытудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Бұл тәсіл табиғи тілдік процестерді ескеруге көмектеседі, метатілдік хабардарлықты дамытуға ықпал етеді және оқыту процесін тиімдірек етеді.

Транслингвалды оқытудағы тілдік интерференция – бұл ана тілінің (L1) екінші тілді (L2) меңгеруге әсері, ол әртүрлі деңгейде көрініс табуы мүмкін. Бұл құбылыс, әсіресе, күнделікті өмірде екі тілді белсенді қолданатын қос тілді және көп тілді адамдарға тән.

Транслингвальды оқыту кезінде тіл үйренушілер екі тілді де белсенді қолданған жағдайда, интерференция құбылысы жағымсыз да, жағымды да рөл атқара алады. Транслингвальды оқытуда интерференция тілдің барлық деңгейінде байқалады:

Фонетикалық интерференция: ана тілінің ерекшеліктеріне байланысты дыбыстарды дұрыс айтпау және екпіннің бұзылуы, интонация мен сөйлеу ырғағындағы қателіктер.

Лексикалық интерференция: өзгертілген мағынасы бар сөздерді тікелей аудару (аудармашының жалған достары), сөз тіркестері мен тұрақты тіркестерді сөзбе-сөз аудару.

Грамматикалық интерференция: сөз тәртібіндегі, етістіктердің шақтар жүйесін сәйкестендірудегі және олардың қолданылуындағы қателіктер, зерттелетін тілге тән емес құрылымдарды қолдану.

Прагматикалық интерференция: екінші тілдің нормаларына сәйкес келмейтін ана тілінің сөйлеу стратегияларын пайдалану, сыпайылық нормаларын сақтамау және қарым-қатынас стилін бұзу.

Соңғы жылдары Қазақстанда посткеңестік кеңістіктегі Түркіменстаннан келген шетелдік студенттердің саны күрт артты. Ресми мәліметтерге сәйкес, өткен жылы Түркіменстаннан келген студенттер саны 2,6 мыңды құраған. Бұл студенттерге қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту қазақ және түрікмен тілдерінің өзара әрекеттесуімен сипатталатын жасанды қостілділік жағдайында жүзеге асады. Мұндай ортаға пассивті қостілділік тән, нәтижесінде тілдік интерференция құбылысы байқалады (Омурзакова, 2020: 261). Шетелдік студенттердің тілаларлық қарым-қатынасы тілдің әртүрлі деңгейлерінде интерференция құбылыстарымен қатар жүреді.

Лингводидактикада тілдік интерференция түрлі зерттеушілердің назарында болып, зерттеу нысаны ретінде қарастырылып келеді. Зерттеушілердің пікірінше, бұл мәселе оқыту контекстінде өзектілігін сақтап отыр. Тілдік интерференция – ана тілінің екінші тілді меңгеру үдерісіне кері әсерін тигізетін құбылыс. Ол тіл үйренушілердің сөйлеуінде фонетикалық, грамматикалық және лексикалық-семантикалық қателіктердің пайда болуына әкеледі (Фомиченко, 1995: 24). Н.Б. Мечковскаяның пікірінше, интерференция шет тілін қолдану барысында ана тілінің әсерінен туындайтын қателіктермен байланысты. Бұл жағдайда екінші тілдің ерекшеліктері ана тілінің құрылымымен қате теңестіріліп, сөйлеу қателіктеріне әкеледі (Мечковская 1983: 277).

Тілдік интерференция тілді үйрену процесін қиындататын да, жеңілдететін де маңызды фактор болып табылады.

Қазақ және түрікмен тілдері ортақ шығу тегіне қарамастан, олардың арасында фонетикалық, лексикалық және грамматикалық айырмашылықтар бар, бұл кейде тілдік интерференцияға әкелуі мүмкін. Қазақ тілі сабағында бұл құбылыстың теріс әсеріне қате айтылу мен екпіннің бұзылуы, сөйлем құрудағы қателіктер, кейбір сөздердің мағынасын дұрыс түсінбеу жатады. Ал оң әсеріне лексикалық параллельдердің сөздерді тезірек меңгеруге көмектесуі, грамматикалық құрылымдардың ұқсастығы оқуды жеңілдетуі, сондай-ақ екі тілде құзыреттілік пен танымдық қабілеттерді дамытуға ықпал етуі жатқызуға болады.

Әдістемелік тұрғыдан тілдік интерференцияны толық және егжей-тегжейлі зерттеуге мүмкіндік беретін кейбір түрлерін қарастыру маңызды. Атап айтқанда, коммуникативті релевантты емес интерференцияға тоқталайық. Бұл құбылыс оқытылатын тілдің нормаларынан ауытқуға әкелетін ана тілінің ықпалымен байланысты, бірақ өзара түсіністікке айтарлықтай әсер етпейді. Мұндай интерференция түрікмен студенттерінің ауызша және жазбаша сөйлеуінде жиі байқалады.

Бүгінде қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда оқытушылардың басты міндеттерінің бірі – оқу процесін дидактикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастыру, сондай-ақ түрлі тілдік деңгейлерде көрінетін интерференция факторын ескеру. Сөйлеу құзыреттілігінің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі – сөзжасамдық құзыреттілік, ол

«сөзжасамдық құралдарды қолдануға дайындық пен қабілет» ретінде түсіндіріледі және ауызша әрі жазбаша шет тілінде сөйлеуді меңгерудің маңызды шарты болып табылады (Корзун, 2017: 197).

Түрікмен студенттері арасында қазақ тілін оқыту процесінде коммуникативтік-релевантты емес интерференцияның әсерін азайту үшін сөзжасамдық құзыреттілікке баса назар аудару қажет. Қазақ және түрікмен тілдері туыстас болғандықтан, олардың сөзжасам жүйесі түбірге қосымшалар жалғау арқылы жүзеге асады. Түбір өзгеріссіз қалады және қосымшалардың қосылу реті сақталады. Алайда екі тілдің сөзжасам жүйесінде белгілі бір айырмашылықтар бар, бұл түрікмен студенттерінің қазақ тіліндегі сөйлеуінде сөзжасамдық интерференцияның пайда болуына алып келеді.

Қазақ тілінің сөз тудырушы қосымшаларының алломорфтары түрікмен тіліне қарағанда әлдеқайда алуан түрлі. Бұл қазақ тілінің сөзжасам жүйесінің сингармонизм және ассимиляция заңдылықтарына бағынуымен байланысты, ал түрікмен тіліне тек дауысты дыбыстардың сингармонизмі тән.

Мысалы, қазақ тіліндегі өнімді сөзжасамдық жұрнақтардың бірі – *-лы/-лі/-ды/-ді/-ты/-мі*. Түрікмен тілінде оған ұқсас жұрнақ *-ly/-li* болып табылады: ақыл (ой) – *akyl* → ақылды – *akylly*, май (май) – *ýag* → майлы – *ýagly*.

Өнімді жұрнақтардың бірі – *-лық/-лік/-дық/-дік/-тық/-тік*, ол қазақ тілінде сын есімдер мен зат есімдер тудырушы жұрнақ болып табылады. Түрікмен тіліндегі баламасы – *-lyk/-lik*: қыс (қыс мезгілі) – *gus* → қысқы – *guslyk*, ақ (ақ түс) – *ak* → ақтық – *aklyk*, қорқақ (үркек адам) – *namart* → қорқақтық – *namartlyk*, жас (жас ерекшелік) – *ýaş* → жастық – *ýaşlyk*.

Етістік тудырушы жұрнақтарда белгілі бір ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар. Мысалы, қазақ тілінде тұйық етістік *-у* жұрнағы арқылы жасалса, түрікмен тілінде оған *-mak/-mek* жұрнақтары сәйкес келеді. Сондай-ақ, қазақ тіліндегі *-ла/-ле/-да/-де/-та/-те* жұрнақтары түрікмен тіліндегі *-la/-le* жұрнағына ұқсас қызмет атқарады.

Осы жұрнақтардың сөзжасамдағы кейбір аспектілерін қарастырайық:

1. Аталған жұрнақтар дене мүшелерінің атауларынан етістіктер жасау үшін қолданылады: бас (бас) – *baş* → бас+та+у (бастау) – *baş+la+mak*, тіс (тіс) – *diş* → тіс+те+у (тістеу) – *diş+le+mek*.

Алайда қазақ тілінде мұндай зат есімдерден жасалған етістіктер көбінесе астарлы немесе жанама мағынада қолданылады. Сонымен қатар, олардың көпшілігі омонимдік немесе көпмағыналы сипатқа ие. Әрине, тура мағынасын сақтайтын етістіктер де бар, олар дененің белгілі бір мүшелерінің көмегімен орындалатын әрекеттерді білдіреді. Бірақ кейбір жағдайларда мұндай етістіктер ауыспалы мағынаға ие болуы мүмкін. Мысалы, тістеу сөзі (сөзбен ренжіту, жаралау мағынасында) қолданылғанда, бұл лексикалық интерференцияға алып келуі мүмкін.

2. Аталған жұрнақтар еңбек құралдары мен тұрмыстық заттардың атауларынан етістіктер жасау үшін қолданылады: балта (балта) – *palta* → балта+ла+у (балтамен шабу) – *palta+la+mak*.

Сонымен қатар, бұл жұрнақтар іс-әрекеттің объектісі болып табылатын заттардың, материалдардың және бұйымдардың атауларынан етістіктер жасауға мүмкіндік береді: тұз (тұз) – *duz* → тұз+да+у (тұздау) – *duz+la+mak*, ою (өрнек) – *nagyus* → ою+ла+у (өрнектеу) – *nagyus+la+mak*, май (май) – *ýag* → май+ла+у (майлау) – *ýag+la+mak*.

3. Бұл жұрнақтар сын есімдерден етістіктер жасау үшін де қолданылады: ақ (ақ түс) – *ak* → ақ+та+у (ағарту) – *ak+la+mak*, кара (кара түс) – *gara* → кара+ла+у (қаралау) – *gara+la+mak* және т.б.

-лан/-лен (*-лан//лен*) жұрнағының семантикалық құрылымы *-ла* ырықсыз етіс пен *-н* өздік етіс жұрнақтарына тән мағынадан құралады. Бұл күрделі құрамдас жұрнақ

іс-әрекеттің құралын, нысанын, формасын немесе нәтижесін білдіретін зат есімдерге жалғанады.

Мысалы: қаһар (ашу) → *қаһар+лан+у (ашулану)*; қару (қару-жарак) → *қару+лан+у (қарулану)*; үй (үй) → *үй+лен+у (некеге тұру)*; күш (күш) → *күш+тен+у (күшейту)*

Қорытынды

Қорыта айтқанда, қазақ және түрікмен тілдерінің сөзжасам жүйелерін салыстырмалы талдау тілдік интерференцияның пайда болуы себептері мен заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде түрікмен студенттеріне қазақ тілін оқыту үдерісін жетілдіруге ықпал етеді. Тілдік интерференцияны анықтау практикалық тұрғыдан өзекті, өйткені ол оқыту тиімділігін арттыру мәселелерін шешуге көмектеседі. Сонымен қатар, интерференцияның жағымсыз салдарын болдырмауға және жоюға мүмкіндік береді.

Тілдік интерференция – транслингвалды оқытуда сөзсіз кездесетін құбылыс, бірақ оны сауатты әдістер арқылы азайтуға болады. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту барысында интерференцияны азайту үшін келесі әдістерді қолдану ұсынылады:

Тілдерді салыстырмалы талдау – қазақ және түрікмен тілдерінің арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды зерттеу.

Транслингвалды тәсілді саналы түрде қолдану – сөйлеудегі тілдердің араласуын бақылау.

Шынайы сөйлеу тәжірибесін ұйымдастыру – ана тілінде сөйлейтіндермен қарым-қатынас жасау және түпнұсқа мәтіндерді оқу.

Фонетикалық жаттығулар жасау – бастапқы деңгейлерде дыбыстарды дұрыс айтуға бағытталған арнайы жаттығуларды сабақ сайын өткізу.

Осы әдістерді қолдану арқылы транслингвальды оқытудағы интерференцияның жағымсыз әсерін азайтып, тілді меңгеру процесін жеңілдетуге болады. Сондықтан қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда жоғарыда аталған жайттар ескерілуі керек деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Cummins, J. (1984). *Bilingualism and Special Education: Issues in Assessment and Pedagogy*, Clevedon, UK: Multilingual Matters.
- Garcia, O., Wei L. (2014). *Translanguaging: Language, Bilingualism and Education*, London: Palgrave Macmillan. <https://doi.org/10.1057/9781137385765>
- Вайнрайх, У. (1979). *Языковые контакты: Состояние и проблемы исследования*, пер. Ю.А. Жлуктенко, Киев: «Вища школа», 263 б.
- Омурзакова, А.К. (2020). “Явление грамматической интерференции в условиях билингвизма”, *Вызовы и тренды мировой лингвистики*, Казань, Т. 16, б. 261-264.
- Фомиченко, Л.Г. (1995). *Прагматическая лингвистика в условиях интерференции*, Волгоград: Изд-во Волгоград. ун-та, 24 б.
- Мечковская, Н.Б. (1983). “Языковой контакт”, *Общее языкознание*, Минск, 456 б.
- Корзун, О.О., Савкина, Е.А. (2017). “К вопросу о формировании словообразовательной компетенции учащихся основной общеобразовательной школы (на материале английского языка)”, *Грамота*, № 7(73): в 3-х ч. Ч. 2, б. 197–201.

